

# ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдебиеттанымдық журнал

№ 5 (30)

Мамыр 2014



Болат  
БАЙҚАДАМОВ:  
«ІСКЕРЛІГІ  
ТАЛАЙҒА ҮЛГІ»

10-БЕТ

Сұлтанәлі БАЛҒАБАЕВ:  
«ОЙ БИГІНДЕГІ  
АЗАМАТ»

16-БЕТ

Бақытқожа РҮСТЕМОВ –

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ КЛАССИГІ





**Есберген АЛАУХАНОВ,**  
Заң ғылымдарының докторы,  
профессор, журналист:

## «ҰЛТЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫНА АЙНАЛДЫ»

Қазақ қоғамы, соның ішінде әдеби құнды мұралардың тарихына барлау жасай қалсаңыз, ең бірінші қаламгерге тоқталарыңыз ақиқат. Неше түрлі дүмпулерден аман өтіп, тарихымыз бен әдебиетіміздің заманнан заманға сақталып, ұрпақтар арасында насихатталуы жазушының шеберлігінен бастау алады. Мүмкін, ол дәрігер болар, мүмкін химик, мүмкін экономист болар, олардың шығармаларының өміршеңдігі мен мықтылығы жазушының жазу стилінде. Сондай тұлғалардың қатарына мен Бақытқожа Төлегенұлын жатқызар едім. Қазіргі қоғамда атақтары дардай доктор, профессорлар жетерлік, алайда, шығармашылық азабын тартып жүрген жандар саусақпен санарлық. 30 жылдан асқан таныстықта мен Бақытқожа ағамыздың еңбекқорлығы мен талантына шексіз риза болдым. Адам қандай табысқа да тек еңбекқорлықпен жетеді. Кітаптар жазып, әр кітапқа тақырып қойып, түрлі жанрда қалам тербеу үшін көп оқу керек. Соңғы жылдары мен ол кісінің шығармашылығымен жете танысып, сұхбаттасу барысында таңғаларлық дүниелерге тап болып келемін. Жазған дүниелерін тек қазақ халқының болашағы үшін деп арнағанын байқадым.

Қазақ әдебиеті мен қазақ тарихы, шетел әдебиеті мен шетел тарихы секілді тақырыптарда қалам тербеп жүрген бірегей азамат. Өткен жылы Вьетнамға, Украинаға, Кубаға барып сол жақтағы елшілермен достық ынтымақтастық орнату көп адамның, керек

десеңіз бұл ресми елшілердің қолынан келе бермес дүние. Ал, ағамыз бейресми сапармен барып, жетістікке жетіп жүрген тұлға.

Адамның жаратылысы, жүріп өткен жолы барлығы жазушының шығармашылығына әсер етеді. Кешегісін қара жұмыстан бастап, бүгінгісін президент аппаратындағы қыметпен аяқтауы, шығармашылығына тың шабыт бергені де ақиқат.

Бақытқожа Рүстемов сынды азаматтар еленіп, жастарға насихатталуы керек. Екі тілде бірдей жазу өзге жазушылардың көбінің қолынан келе бермес дүние екендігін ескере келе, бір туар тұлға, ұлт мақтанышы дәрежесіне жеткен азамат деп нық сеніммен айта аламыз.

Сырттан көрген бейтаныс жандар қарапайым жүрген бір адам деп ойлап қалуы мүмкін, алайда, өз елі былай тұрсын, өзге шетелдер туралы кітап жазу кез келгеннің қолынан келе бермес дүние. Егер Куба жөніндегі кітабын сол елге бара жатқанда оқып барсаңыз, Куба мемлекеті туралы тың мәліметтерге қанық боласыз. Сіз үшін адастырмас карта, жаңылдырмас энциклопедиялық еңбек.

Соңғы уақытта тек халқыма қызмет жасап, еліме бір тамшы болса да үлес қосайын деп кітап жазып, шығармашылыққа бет бұрған азамат. Саралы ойлары мен сапалы пікірлерін бөлісуден шаршамаған Бақыт ағамыздың әлі де болса айтары көп, қазақ жастарына берері мол болсын.